ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

1 қазан 2024 жыл іс № 3115-24-00-2/1913 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы А.Абсатова
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Айза» Қуаныш Қымбат Жандосқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі С.Мукажанов
Жауапкер Қ.Қуаныш

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу негізінде «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен (бұдан әрі - талап қоюшы) жеке кәсіпкер «Айза» Қуаныш Қымбат Жандосқызы (бұдан әрі - жауапкер, ЖК) арасында 19 маусым 2024 жылы №395жалпы құны 1 152 000 теңге құрайтын қағаз сүлгілерін (Z-қосымша, 21х23см, 200 парақ, 2 қабат. Түсі ақ. Қағаз сүлгілердің түрі-жапырақ. Негіз материалы-целлюлоза. Қағаздың тығыздығы-19г/м2. Парақтың ұзындығы 23см, парақтың ені 21см. Бедерлеу - иә, ГОСТ Р 52354-2005) жеткізуге келісім-шарт жасалған.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 08.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Тажиева Г. М., 12.11.2024
3115-24-3-1/2019

Шарт бойынша міндеттемелер келісім-шартқа қол қойылған сәттен бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін, тапсырыс берушінің өтінімі бойынша орындалуға тиіс болатын, алайда жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, атап айтқанда тауар техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сай келмеген.

Талап қоюшы өз талап қоюында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда шарт міндеттерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер өкілі өз қарсылығында келісім-шарт бойынша міндеттемелерді 2024 жылы 3 шілдеде орындағанын, тапсырыс беруші тауарды қабылдап алған, кейінгі тапсырыс берушінің техникалық сипаттамаға тауардың сәйкес келмейтіндігі туралы жасалған актілер өнім берушінің өкілінің қатысуынсыз жасалған, сондықтан талап қоюын негізсіз деп санайды.

Талап қоюшының өкілі С.Мукажанов талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Қ.Қуаныш пікірде көрсетілген уәждеріне сай, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Сот өндірісі

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамағандықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Сондықтан сот жауапкердің іс әрекетін өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған деп табады.

АҚ-нің 360 бабына сай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Келісім-шарттың 5.3 бөлігіне сай жеткізу өнім беруші тапсырыс берушіге тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі. Осы шарттың 5.3 тармағының талаптары сақталған кезде тауарды жеткізу/беру күні деп өнім

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Тажиева Г. М., 12.11.2024

берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Келісім-шарттың 6.2, 6.3 бөлігіне сәйкес тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал өнім беруші он төрт күнтізбелік күн ішінде өз есебінен тауарды жаңасына ауыстырады.

Іс материалдарымен анықталғандай, 2024 жылы 3 шілде күні келісім шарт бойынша қағаз сүлгілері тапсырыс берушіге өнім берушінің өкілімен жеткізіліп, тапсырыс берушінің өкілімен қабылданған, тауарды қабылдау туралы жүкқұжатқа қол қойылған.

Алайда, сол күні тапсырыс беруші комиссия мүшелерімен акті жасалып, өнім беруші ретінде қағаз сүлгілерінің техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейтіндігі туралы, атап айтқанда қағаз сүлгілерінің бір буда 200 парақтың орнына 125 парақ екендігі көрсетілген.

Осы жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты тапсырыс беруші тауарды қабылдаудан бас тартқан, яғни жауапкер міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған.

Сот, жауапкердің тапсырыс берушінің іс-әрекеттері заңсыз, атап айтқанда актіге қол қою мерзімі, тауарды техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру, жеткізілген тауарларға қатысты шағымдарды ұсыну тәртібі бұзылған деген уәждерін негізсіз деп санайды, себебі өнім берушінің өкілі тек жүк алып жүруге міндеттенген, тауарды мекен-жайға толық көлемде жеткізген, тапсырыс берушінің өкілі Т.Н.Шкуркина тауарды саны бойынша қабылдап алған, алайда техникалық ерекшелікке сәйкестігін комиссия мүшелері толық болмағандықтан тексермеген, ол туралы жауапкер өкілін ескерткен.

Кейін комиссия мүшелерінің қатысуымен тексеру барысында тауардың техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтіндігі туралы актілер жасалған.

3 шілде 2024 жылы өнім беруші веб-портал арқылы электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-тапсыру актісін ресімдеп, тапсырыс берушіге жіберген, алайда қол қойылмаған, яғни тауар қабылданбаған.

Сот мәжілісінде, Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасының қойма меңгерушісі Т.Шкуркина жауапкер өкілі 3 шілде 2024 жылы 187 ашылмаған қорап және 1 қорап қағаз сүлгілерін жеткізгенін, ашылмаған қорапта 24 буда, ал ашылған қорапта 12 буда қағаз сүлгілері болған, барлығы 4500 буда жеткізгенін көрсетті. Тексеру барысында 1 будада 125 қағаз сүлгілері

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 08.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Тажиева Г. М., 12.11.2024
3115-24-3-1/2019

болғаны анықталған, осы мән-жайлар анықталғандықтан, жауапкер Қ.Қуаныш тапсырыс берушінің басшысымен сөйлесіп келдім деп, тауарды қабылдау туралы жүкқұжатқа 4500 буданың орнына 2 925 буда деп өзгертіп әкеліп, жетіспейтін тауарды алдағы уақытта жеткізетінін көрсеткен.

Сонымен қатар, сот отырысында жауапкер жеке кәсіпкер «Айза» Қуаныш Қымбат Жандосқызының талап қоюшы Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасына жеткізілген қағаз сүлгілерінің техникалық ерекшелігіне сәйкестігі тексеріліп, қағаз сүлгілерінің бір бұда 200 парақтың орнына 125 парақ екендігі анықталған. Осы жайлар өнім берушінің қағаз сүлгілеріниісипаттамасы әр түрлі екендігін растайды.

Жауапкермен шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындағандығы туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады.

Сондықтан, талап қоюшының жауапкер жеке кәсіпкер «Айза» Қуаныш Қымбат Жандосқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер жеке кәсіпкер «Айза» Қуаныш Қымбат Жандосқызын мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Айза» Қуаныш Қымбат Жандосқызы мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Айза» Қуаныш Қымбат Жандосқызынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 8 қазан 2024 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған Тажиева Г. М., 08.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Тажиева Г. М., 12.11.2024

115-24-3-1/2019

Жұмаққа қол қойылған: Тажиева Г. М., 08.10.2024

15-24-3-1/2019

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Тажиева Г. М., 12.11.2024